

**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
жанындағы 8D07-«Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», 8D08-
«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» (6D073200-«Стандарттау
және сертификаттау», 6D080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру
технологиясы», 6D060800-«Аграрлық техника және технология»
мамандықтары) даярлау бағыттары бойынша
Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы атқарылған жұмысы бойынша
ЕСЕБІ**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 464 және «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ» КеАҚ Басқарма Төрағасының 2021 жылғы 31 мамырдағы № 284-Н бұйрықтарымен бекітілген. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері диссертациялық кеңестің шешімімен тағайындалып, С.Сейфуллин ҚАТУ Басқарма Төрағасының 12.05.2022 жылғы №213-Н бұйрығымен бекітілді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – а.ш.ғ.д., профессор С.К. Шауенов, төраға орынбасары – т.ғ.д., доцент Д.Б. Курманғалиева, ғалым хатшы – PhD докторы Д.К. Ибраев.

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер

Биылғы жылы жалпы 9 отырыс өткізілді:

№ 1 отырыс (14 сәуір 2022 жыл) – докторант Ж.Б. Сагындыкованың 6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау;

№ 2 отырыс (14 сәуір 2022 жыл) – докторант А.С. Кабдушеваның 6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау;

№ 3 отырыс (14 сәуір 2022 жыл) – докторант М.Д. Конкановтың 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау;

№ 4 отырыс (14 сәуір 2022 жыл) - докторант Ж.Е. Титановтың 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау;

№ 5 отырыс (5 мамыр 2022 жыл) - 6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша докторант А.С. Кабдушеваны ресми рецензентін алмастыру және қайта тағайындау;

№ 6 отырыс (19 мамыр 2022 жыл) – 6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша докторант Ж.Б. Сагындыкованың диссертациялық жұмысын қорғауы;

№ 7 отырыс (19 мамыр 2022 жыл) – 6D080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша докторант А.С. Кабдушеваның диссертациялық жұмысын қорғауы;

№ 8 отырыс (20 мамыр 2022 жыл) – 6D080600 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша докторант М.Д. Конкановтың диссертациялық жұмысын қорғауы;

№ 9 отырыс (20 мамыр 2022 жыл) – 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша докторант Ж.Е. Титановтың диссертациялық жұмысын қорғауы.

2. Өткізілген отырыстардың жартысына кеміне қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Докторанттың тегі, аты, жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылыми консультанттары	Ресми рецензенттері	Жоғарғы оқу орны
1	2	3	4	5	6
1	Сагындыкова Жадыра Бауржановна	Мал азығын клапаны бар жұмсақ контейнерде вакуумдық сүрлемдеу технологиясы	Хазимов Марат Жалелович – техника ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «И.В. Сахаров атындағы Машина пайдалану» кафедрасының профессоры; Бора Ганеш Чандра (Bora Ganesh Chandra) – PhD, Миссисипи штатының мемлекеттік университетінің профессоры, АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұлттық бағдарламасының жетекшісі, Америка Құрама Штаттары.	Курманов Аяп Конлямжаевич – техника ғылымдарының докторы, «Машина жасау» кафедрасының профессоры «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ; Аханов Серик Мейрамбекович – техника ғылымдарының кандидаты, «Аграрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы «Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» КеАҚ.	ҚазҰАЗУ

2	Кабдушев Альмира Серикпаевна	Өсімдіктердің материалдарын өңдеу кезінде оның параметрлерін жетілдіру арқылы экструдердің тиімділігін жоғарлату	Курманов Аяп Конлямжаевич – техника ғылымдарының докторы, «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Машина жасау» кафедрасының профессоры. Сидоров Владимир Николаевич – техника ғылымдарының докторы, «Николай Эрнестович Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетінің» Калуга филиалы, «Доңғалақты машиналар және қолданбалы механика» кафедрасының профессоры, Ресей Федерациясы.	Есхожин Джадыгер Зарлыкович – техника ғылымдарының докторы «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Техникалық механика кафедрасының профессоры, Астана қ-сы; Коптилеуов Болат Жеткербаевич – техника ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Аграрлық технологиялар» кафедрасының доценті, Қызылорда қ.	А.Байтұрсынов ат. Қостанай өңірлік университеті
3	Конканов Марат Джуматович	Гидротехникалық құрылыстарды пайдалау барысында микрокернеуді бақылау үшін нормативтік-техникалық құжаттама әзірлеу	Ниязбекова Римма Калманбаевна – техника ғылымдарының докторы, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының профессоры. Кривобородов Юрий Романович – техника ғылымдарының докторы, Д. И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің композициялық және тұтқыр	Жусупбеков Аскар Жагпарович – техника ғылымдарының докторы, «Геотехникалық институт» ҒЗИ директоры; Юрченко Алексей Васильевич – техника ғылымдарының докторы, Томск политехникалық университетінің «Сапаны басқару» кафедрасының профессоры.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

			материалдардың химиялық технологиясы кафедрасының профессоры.		
4	Титанов Жанат Егинбаевич	Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі	Кажғалиев Нурлыбай Жигербаевич – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ветеринария және мал шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Бас ғылыми қызметкері. Дэвид Ричард Арни – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Эстон жаратылыстану ғылымдары университетінің профессоры, Эстония Республикасы.	Нугманова Аружан Еркиновна – PhD докторы, «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институты», «Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары мектебінің аға оқытушысы, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ. Аубакиров Хамит Аблғазинұлы – Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Тамақ өндірісі және биотехнология» кафедрасының доценты, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

2022 жылы диссертациялық кеңеске жоғарыда келтірілген 4 докторанттың құжаттары мен диссертациялық жұмыстары ұсынылды.

4. Есепті жылы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Сагындыкова Жадыра Бауржановнаның «Мал азығын клапаны бар жұмсақ контейнерде вакуумдық сүрлемдеу технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мал азығын клапаны бар жұмсақ контейнерде вакуумдық даярлау және сақтау технологиясы қарастыруға арналған. Технологияға тасымалданатын жұмсақ вакуумдалған контейнерлерді пайдалана отырып, сүрлемді даярлау және сақтау процестері, оларды тиеу

және вакуумдау үшін техникалық құралдарды әзірлеу және іріктеу кіреді. Диссертациялық жұмыс вакуумдауға арналған клапаны бар синтетикалық үлдірден жасалған жұмсақ контейнерлерді қолдана отырып, сүрлемді даярлау және сақтау технологияларының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Кабдушева Альмира Серикпаевнаның «Өсімдіктердің материалдарын өңдеу кезінде оның параметрлерін жетілдіру арқылы экструдердің тиімділігін жоғарлату» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы өсімдік материалын өңдеуде экструдердің тиімділігін арттыруға арналған. Ғылыми-өндірістік зерттеулер нәтижесінде бидай дәнін экструдтау процесі зерттеліп, жетілдірілген.

Конканов Марат Джуматаевичтің «Гидротехникалық құрылыстарды пайдалау барысында микрокернеуді бақылау үшін нормативті-техникалық құжаттама әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы ғылыми зерттеулер гидротехникалық құрылыстардағы микрокернеулерді бақылау бойынша олардың қауіпсіздігіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге арналған. Зерттеулер нәтижесінде - тиімді цемент композиттерін алудың оңтайлы әдістері мен құрамы әзірленген; - цемент композитінің құрамында қызыл шламды араластырудың қарапайым және тиімді әдісі ұсынылған; - цемент композитінің техникалық қасиеттері жақсартылған; - сынақ және калибрлеу зертханасында апробацияланған белгісіздікті бағалау әдісі ұсынылған.

Титанов Жанат Егинбаевичтің «Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі» атты диссертациялық жұмысы Солтүстік Қазақстан жағдайында шетелден әкелінген еуропалық және канадалық селекциядан алынған абердин-ангус тұқымының үшінші генерациясы төлдерінің өнімділік сапасы мен жергілікті жағдайға бейімділік қасиетін анықтауға арналған. Ғылыми-ізденіс жұмыстары импортталған етті бағыттағы абердин-ангус тұқымынан алынған генерация ұрпақтарының құрылымын ажыратып, дене бітімі және өнімділігі мен азықтандыру ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде еуропалық және канадалық сиырларынан алынған үшінші генерация төлдерінің физиологиялық жетілуін, өсіп-даму ерекшеліктерін, клиникалық-физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштері мен табиғи резистенттілік жағдайы анықталған.

4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Ж.Б. Сагындыкованың «Мал азығын клапаны бар жұмсақ контейнерде вакуумдық сүрлемдеу технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мемлекеттік тіркеуі №0118РК00443 «Ірі қара малдарын азықтандыруға арналған сүрлемді вакуумдалған жұмсақ контейнерлерде сақтау және даярлау (әзірлеу) технологиясы мен құралдары»

тақырыбында, «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» басымдылығы бойынша ҚР БҒМ бюджеттік бағдарламасына сәйкес 217 «Ғылымды дамыту», 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы аясында орындалған. Технология мен техникалық құралдарды зерттеу және сынау нәтижелері бойынша Қазақстанның шаруа және фермер қожалықтарында вакуумдау жолымен сүрлем дайындау ұсынымдары әзірленді.

А.С. Кابدусеваның «Өсімдіктердің материалдарын өңдеу кезінде оның параметрлерін жетілдіру арқылы экструдердің тиімділігін жоғарлату» тақырыбындағы тақырыбындағы ғылыми-ізденіс жұмыстары «Өсімдік материалдарын өңдеу кезінде оның параметрлерін жетілдіру есебінен экструдердің тиімділігін арттыру» № 0118КИ0604 бастамашылық тақырыбы шеңберінде өз қаражаты есебінен орындалған. Зерттеу жүргізу барысында бұранда жиегінің бұдырлығын, бидай дәнінің ылғалдылығын негіздеу және бидай дәнін беруге арналған жапқышты ашу үшін талдамалық тәуелділіктер алынған.

М.Д. Конкановтың «Гидротехникалық құрылыстарды пайдалау барысында микрокернеуді бақылау үшін нормативті-техникалық құжаттама әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҒЗЖ №666.949:626(0,83.94Н71) «Гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және жөндеу үшін құрамында болат балқытқыш қалдықтары бар жөндеу қоспаларының жаңа құрамдарын әзірлеу» және «Құрылыстарды реконструкциялау және жөндеу үшін өнеркәсіптің феррит қалдықтары бар цемент жөндеу қоспаларының жаңа құрамдарын әзірлеу» тақырыбы бойынша Дүниежүзілік Даму Банкі қаржыландыратын №APP-PHD-A-18/021P халықаралық грантпен, АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеу зертханасының базасында жарты жылдық тағылымдамадан барысында орындалған.

Ж.Е. Титановтың «Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі» атты зерттеу жұмысы 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарлама жобасының аясында, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы шеңберінде «Қазақстанның солтүстік өңірі жағдайында импортталған етті малдың үшінші генерациясының бейімделуі және өнімділік сапасы» тақырыбы бойынша жүргізілген (мем.тіркеу №0118РК00736). Ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізу барысында үшінші генерация төлдерінің ет өнімділігі, етінің морфологиялық құрамы, сойыс сапасы анықталған, шетелден әкелінген ірі қара малды бағып-күтудің экономикалық тиімділігі анықталған, зерттеу нәтижелеріне өндірістік талдау жасалған және өндіріске ұсыныстар әзірленген.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Докторант **Ж.Б. Сагындыкованың** ғылыми зерттеулерінің нәтижелері Синтетикалық үлдірден жасалған жұмсақ контейнерлерде сүрлемді даярлау

және сақтау үшін ұсынылған технология 2019-2020 жж. Алматы облысының «Food Master» компаниясының «Междуреченск–Агро» ЖШС және 2019ж. «Амиран» ЖШС мал шаруашылықтарында сәтті сыналған. Өзірленген технологиялық және техникалық шешімдердің жаңалығы Ресей Федерациясы (RU №193970, 21.11.2019 ж.) мен Қазақстан Республикасының патенттерімен расталған (KZ U 3435 G01N 19/02, 30.11.2018, бюл. №45.; KZ U 4520 A23K 30/10, 06.12.2019, бюл. №49.; KZ U 4520 A23K 30/10, 06.12.2019, бюл. №49.; KZ U 5469 A23K 30/10, 23.10.2020, бюл. №42.; KZ U 6308 A01D 43/06, 13.08.2021, бюл. №32.). Өндіріс жағдайында сүрлемді дайындау мен сақтаудың ұсынылған және қолданыстағы технологияларын салыстырмалы сынау нәтижесінде синтетикалық үлдірден жасалған жұмсақ вакуумдалған контейнерлерде құрғақ заттың массалық үлесі 28,28%, сіңірілетін ақуыздың 10,6 г/кг, рН = 4,1 бірлік, бір килограммда құндылығы 0,26 а.ө. болатын 3,01 МДж/кг алмасу энергиясымен балауыз піскен жүгеріден бірінші класты сүрлемді ысырапсыз дайындауға болатындығы анықталған.

А.С. Кابدшеваның диссертациялық жұмысы өсімдік материалын өндеуде экструдердің тиімділігін арттыруға арналған. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, А. Айтмұхамбетова атындағы Инженерлік-техникалық институтының, «Машина, тракторлар және автомобильдер» кафедрасының диссертациялық жұмыстың нәтижелері оқу үрдісіне енгізілген. Ғылыми-зерттеу диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Север-Агро Н» ЖШС, «Терра» ЖШС және «АШТС Заречное» ЖШС енгізілген. Жұмыс органының құрылымы ҚР № 4844 пайдалы моделіне патентпен қорғалған.

Докторант **М.Д. Конканов** жүргізген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде тиімді цемент композиттерін алудың оңтайлы құрамдары мен тәсілдері әзірленген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «КазСтандарт» РМК-ға енгізілген. Технологияны енгізу кезінде енгізудің нақты жылдық әсері жылына 58 млн. теңгені құрады және өлшеу дәлдігі 1,7 есеге дейін жоғарылаған.

Ж.Е. Титановтың ғылыми зерттеулері негізінен Солтүстік Қазақстан жағдайында шетелден әкелінген еуропалық және канадалық селекцияның абердин-ангус тұқымының үшінші генерациясы төлдерінің өнімділік қасиеттері мен жергілікті жағдайларға бейімделуін анықтауға арналған. Зерттеу нәтижелері «Жолдасбай-Агро» ЖШС шаруашылығына енгізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша абердин-ангус тұқымының бейімделу коэффициенті 2,87-2,95 аралығында болды. Етті малдың суыққа төзімділігін анықтау тәсілі №34735 ҚР өнертабысқа патентімен қорғалған.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау

Диссертациялық кеңес отырысында қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер қарастырылып, бекітілді. Бекітілген рецензенттер ғылыми жобаларға қатысатын, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми

дәрежелері атақтары бар жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары.

Рецензенттердің пікірлері оларды дайындау талаптарына сәйкес орындалып ресімделді. Жалпы тағайындалған рецензенттер диссертацияларға мұқият талдау жасап, олардың пікірлері қойылған талаптарға сәйкес орындалғанын көрсетті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Ауыл шаруашылығы саласының ерекшелігін, оның ішінде маусымдық-далалық жұмыстар мен зерттеулерді ескере отырып, докторанттарды оқыту (даярлау) ұзақтығын бір жылға ұзартуды ұсынамыз, себебі 2-3 жыл ішінде олар зерттеулерді аяқтауға және жарияланымдарды, әсіресе жоғары импакт-факторы бар шетелдік басылымдарда жариялауға толыққанды үлгермейді.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар бойынша қаралған диссертациялар саны

Көрсеткіштер	Мамандық
	6D073200—«Стандарттау и сертификаттау»
Қорғауға қабылданған диссертациялар	4
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	2
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар;	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-
Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім алған диссертациялар	4
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	2
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-

Диссертациялық кеңестің
төрағасы

 С. Шауенов

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

 Д. Ибраев



Мерзімі 13.01.2023 ж.